

АЙҚЫН

## ОТШАШУҒА ОРАНҒАН МӘСКЕУ



Ресей астанасында «Круг света» фестивалі аяқталды Мәскеуде «Круг света» халықаралық фестивалі мәресіне жетті. Бес күнге созылған фестиваль барысында қала тұрғындары мен қонақтары қызықты думанның куәгері болды.

### ШУАҚТЫ ШОУ-ШАШУ

«Круг света» халықаралық фестивалі Мәскеуде биыл сегізінші рет ұйымдастырылды. Ашылу салтанаты жұманың кешінде Крылатский ауданындағы Гребной каналда өтті. Мұнда көрермендерге ашық аспан астындағы мультимедиалық лазерлі шоу көрсетілді. Видеопроекцияны дайындау үшін 6 мың шаршы метр аумаққа 12 метрлік текшелерден арнайы құрылым дайындалды. Каналдың бойына 260 фонтан қойылды. Олар 50 метрге дейін су шашты. Сондай-ақ понтондарға 160 оттық орнатылды. Шоудың шуақ сыйлағаны сонша, алаңға жиналғандар сілтідей тынды. Цирк қойылымы секілді дайындалған шоу құрама қабырғаларға жан бітіріп жіберді. Найзағайдай жарқыраған сәулелер шоудың сәніне сән қосса, фонтандардан біресе су, біресе от атқылап, көрермендерді әрі-сәрі күйге түсірді. Қойылым соңында аспанға түрлі-түсті отшашу атқылап, Мәскеудің түнінің мазасын қашырды. Шоуды көруге келген мыңдаған адам қызықты қойылымды кірпік қақпай тамашалады. Бес күнге ұласқан ұлы мереке Ресей астанасының жеті жерінде – Гребной канал, Театр алаңы, Коломенское және Царицыно музей-қорықтары, Жеңіс музейі, «Мир»

концерт залы және Digital October орталығында ұйымдастырылды. Видеомэппингті қойылымдар бір уақытта Үлкен және Кіші театрлар мен Ресей академиялық жастар театрларының қасбетінде проекцияланды. Театр алаңында көрермендерге Спартактағы құлдар мен гладиаторлар көтерілісі жайлы сыр шертетін жаңа жарықты шоу көрсетілді. Мұндай қызықты қойылымдар Коломенское және Царицыно музей-қорықтарында және Жеңіс музейінің қасбетінде де ұйымдастырылды. «Круг света» фестивалі – Мәскеу үшін мереке. Бұл күнді қала тұрғындары асыға күтеді. 21-25 қыркүйек аралығында Мәскеу халқы мейірім-шуағын шашқан думанды шарадан үйлеріне от алып қайтты. Жүздері бал-бұл жайнап, кеуделерінде өмірге деген ерекше құштарлық пен іңкәрлік пайда болды. «Круг света» фестивалі қаланы сәулелендіруге айрықша үлес қосып келеді. Жыл сайын осы фестиваль аясында әлемнің ондаған елінің ең мықты деген жарық қоюшылары жиналады. Мәскеуліктер бұл фестивальді керемет көңіл-күйге бөлейтіні, қиял-ғажайып әлеміне жетелейтіні, естен кетпес саяхат сыйлайтыны үшін жақсы көреді» деп жазды Мәскеу мэрі Сергей Собянин өзінің жеке сайтында.



### РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ

Фестивальдің ашылу салтанаты Мәскеу тұрғындарын ғана емес, қалаға түрен салған туристерді де таңғалдырды. Мәтіні мен мәні қабысқан тамаша қойылым, жарық проекцияларының лазерлі этюдтармен үйлесім табуы, фонтандардың отты шоумен қабыса кетуі талайдың таңдайын қақтырды. Фестиваль ұйымдастырушылары бұл жолы мүлдем жаңа шоу жасамақ болған екен. Сөйтіп, шоу түрлерін араластырып жіберген. Жарық проекциялары лазерлі этюдтарға жалғасып кетсе, фонтандарды артынша отты шоу алмастырды. Осылайша, «Круг света» фестивалі тарихында бұрын болмаған көрініске ел куә болды. Содан болар, бұл қойылым Гиннестің рекордтар кітабына екі рет енді. Атап

айтқанда, «су бетіндегі ауқымды проекция» (3 099 шаршы метр) және «бір уақытта жанған ең көп оттық» (162 дана) бұрын-соңды ешқандай шоуда көрсетілмеген екен. «Ауқымды проекция бойынша былтырғы рекорд Қытайға тиесілі. Олар 1582 шаршы метрді қамтыды. Ал сіздердің проекцияларыңыздың ауқымы 3099 шаршы метрді алып жатыр. Екінші рекордты жанарту үшін 160 оттықтың бір уақытта жатқаны жеткілікті еді. Алайда бұл шоуда бір уақытта 162 оттық жанып, қайран қалдырды» деп нақтылады Гиннестің рекордтар кітабының өкілі Шейда Субаси-Гемчи. Осылайша, екі бірдей рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, Гиннестің рекордтар кітабына енгені туралы арнайы сертификаттар Мәскеу қаласының туризм және спорт басқармасының жетекшісі Николай Гуляевқа табысталды. Айта кетейік, әлемге әйгілі «Круг света» халықаралық фестивалінің ойдағыдай өтуіне осы Николай Гуляев басқаратын Мәскеу қалалық туризм және спорт басқармасы ұйытқы болып келеді.

### «АРТ ВИЖН» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

«Круг света» фестивалі аясында бірқатар шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі – «Арт Вижн» видеомэппинг және виджеинг байқауы. Бұл конкурс сегіз жылдан бері өтіп келеді. Байқаудың баспасөз қызметі хабарлағандай, биыл додаға әлемнің 36 елінен 148 адам ұсыныс берген. Олардың қатарында жарық қоюшы шеберлер, 2D және 3D-графика, видеомэппинг, IT технология мамандары мен дизайнер-суретшілер де болды. Гондурас, Оңтүстік Корея, Финляндия және ОАР секілді елдердің мамандары да байқауда бақ сынады. Алайда жарыстың финалына 16 елдің 35 жұмысы жетті. Ақырында, «Классик» аталымы бойынша бірінші орын Германиядан келген Re:sorb тобына берілді. Үздік үштікке Ресейдің Antimotion және Индонезияның Mödag студиялары енді. Олардың жұмыстары, жоғарыда айтып өткендей, Үлкен және Кіші театрлар мен Ресей академиялық жастар театрларының қасбетінде көрсетілді. «Модерн» аталымында Ресейдің Meshsplash студиясы үздік деп танылды. Екінші және үшінші орындарды Болгарияның Elektrick Me және Испанияның Darklight Studios студиялары өзара бөлісті. Бұл аталым жеңімпаздарының 3D-мэппингтері Үлкен Царицын сарайының қасбетінде ұсынылды. Видеомэппинг жұмыстардың бәрі де Epson проекторы арқылы көрсетілді. Epson EB-L1755U-дің 30 проекторы Үлкен Царицын сарайының қабырғаларына жан бітіріп жіберді. Үшінші аталым «Виджеинг» бойынша ресейлік Idwug және Vj Eps студиялары, сондай-ақ Польшаның NAI студиясы топ жарды. Бұлардың еңбектеріне «Мир» концерт залында көрермендер куә болды. Әлемнің әр түпкірінен келген жарық қоюшы мамандар 20-ға жуық шеберлік сыныптары мен лекциялар өткізді. Осылайша, олар жаңа технологиялардың жаңа медиа мен бизнестің дамуына тигізіп жатқан әсері туралы ой бөлісті. Айтпақшы, фестивальде жарықпен бірге әуезді ән де үйлесім тапты. Царицыно музей-қорығында Ресейдің халық әртісі, белгілі әнші Дмитрий Маликовтың авторлық кеші өтті. Әнші көрермендерге жаңа әндерін ұсынып, фестивальдің ажарын аша түсті. Мәскеу астанасында өткен халықаралық фестиваль қала бюджетіне 500 млн рубль көлемінде табыс әкелді. Бұл жайлы Мәскеу мэрі Сергей Собянин өзінің жеке сайтында мәлімдеді.

Биыл бұл фестивальге 4 миллионнан аса адам келді. Бес күн қатарынан қаланы думанға бөледі. Фестиваль сәрсенбі күні Гребной каналда өткен, 40 минутқа созылған музыкалық-пиротехникалық шоумен тамамдалды. Естен кетпес ерекше шоуды ұйымдастырушылар Жапониядан келген жарық қоюшылармен бірлесіп дайындады. Жабылу салтанатында

Күншығыс елінің салт-дәстүрінен сыр шертілді. Бұл қойылым биылғы Жапонияның Ресейдегі жылының қорытындысы секілді әсер қалдырды.